



ҚИЫНДЫҚҚА ҚАРСЫ ТҮРҒАН

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚАБДОЛОВТЫҢ «ӘУЕЗОВІ» – ТҮРІК ТІЛІНДЕ

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖАРНАМА ЖАЙЫНДА ЖАНАЙҚАЙ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Отандық тауардың сауда орындарына кедергісіз шығарылуын қамтамасыз ету керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондай-ақ өнімге қосылатын бағаны нақты белгілеп, арада жүрген саудагерлер санын азайту қажет. Ол үшін, ең алдымен, жедел түрде тиісті заңнамалық шараларды қабылдауымыз керек. Үкімет «Атамекен» палатасымен бірлесіп, «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық жобасын бастау үшін ұсыныстар әзірлеуге тиіс.

№93
(4371)

Сейсенбі
9 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҰЛЫ АБАЙДЫ ҰЛЫҚТАУ КҮНІ

10 тамыз – Абай күні. Екі жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Үкімет осы күнді белгілеп, мерекелер тізіміне енгізді.

«Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы» деп жазды Президент «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында.

5

БИЗНЕС-ИДЕЯЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласында 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттарды алуға өтінімдер қабылдау басталды.

Гранттар жұмыссыз немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан аз немесе бір реттік жиынтық төлемді төлейтін жеке кәсіпкер

ретінде грант алуға өтініш бергенге дейін тіркелген жағдайда халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі.

3

IRONMAN KAZAKHSTAN САЙЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласында 14 тамызда триатлоннан BI GROUP IRONMAN 70.3 ASTANA және BI GROUP IRONMAN KAZAKHSTAN халықаралық сайысы өтеді. Осы жарысқа әлемнің 75 елінен 2200 қатысушы келеді деп күтілуде.

Биылғы жарыс «жарты» деп аталатын қашықтықтан басқа, үш кезеңнен тұратын: жүзу – 3,86 км, велосипед – 180,25 км және марафондық жүгіру – 42,195 км болатын «толық Ironman» – BI GROUP IRONMAN KAZAKHSTAN сайысы да өтеді.

Халықаралық сайыс аясында 12-14 тамыз аралығында спорттық EXPO жәрмеңкесі жұмыс істейтін болады, онда спорт тауарларын, тағамдарды, жарыстың ресми кәдесый өнімдерін сатып алуға болады.



ЕЛОРДАДА ЖАҢА КӨПІР АШЫЛДЫ

Ұлы дала даңғылы бойынан ашылған жаңа көпірдің ұзындығы – 263,22 метр, ені – 51,4 метр. Әрбір қозғалыс бағытының жүріс бөлігінде ені 3,75 метр үш жолақ және ені 4 метр бір жолақ бар. Жолдың сыртқы жағында 1,5 метрден қауіпсіздік жолақтары салынған.

«Ұлы дала даңғылының бойындағы көпір Мәңгілік ел даңғылы, А.Байтұрсынов, Р.Қошқарбаев, Ж.Нәжімеденов көшелері, Nova city ауданы, «Мыңжылдық» аллеясындағы жүктемені ішінара төмендетуге мүмкіндік береді. «Нұрлы жол» вокзалына, Тельман және Промышленный тұрғын алабына, «Метро» гипермаркеті аумағына, Жұмабаев даңғылына,

Жүргенов көшесіне бару жеңілдейді» деп хабарлады Нұр-Сұлтан қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының баспасөз қызметі.

Алдағы жылы елорданың Тәуелсіздік даңғылы бойымен Есіл өзені арқылы өтетін тағы бір автокөлік көпірін пайдалануға беру жоспарланып отыр.



ЕЛОРДАДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНА КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛА МА?

- Иә, елордадағы қоғамдық автобустардың жұмысы бір жолға қойылған
- Кішігірім олқылықтарға қарамастан аймақтармен салыстырғанда елордадағы қоғамдық көліктердің жай-күйі жақсырақ
- Жоқ, қарбалас уақытта автобус жолаушыға лық толы болады. Қоғамдық көліктердің санын арттыру қажет
- Маған бәрібір. Мен өз көлігіммен қатынаймын
- Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)



Elorda.info ақпараттық порталы әлеуметтік сауалнама жүргізуде, оған QR-код арқылы дауыс беріңіз.

ТҮНГІ АВТОБУСТАР ТОҚТАЙДЫ

Бүгіннен бастап елордада түнгі автобустар жүрмейді.

«Нұр-Сұлтан қаласының халықаралық әуежайының жұмысы штаттық режимде қалпына келді. Осыған байланысты бүгін, 9 тамыздан бастап №10 бағдардың түнгі автобустарының қозғалысы тоқтатылады. Бағдар қалыпты режимде сағат 6:00-ден 23:00-ге дейін жүреді» деп хабарлады CTS компаниясы.

Түнгі автобустар елордалық әуежайдың түнгі жұмыс режиміне уақытша көшуіне байланысты 15 шілдеден бері жүрген еді.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 486.73 \$ USD/KZT 477.09 ₸ RUB/KZT 7.75 ¥ CNY/KZT 70.96

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№93 (4371) 09/08/2022 Сейсенбі

БИБИСАРА – АЗИЯ ҮЗДІГІ

ФИДЕ қазақстандық дарынды қыз Бибисара Асаубаеваны Азияның үздік шахматшысы деп таныды.

Толағай табысқа қол жеткізген шахматшыны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады. Бұл туралы БОРТ №1 Telegram-арнасы хабарлады.

«Қазақстан шахматшыларына үнемі қолдау көрсетіп келе жатқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жаңалықты назардан тыс қалдырған жоқ. Ол Бибисараны құттықтап, жаңа жетістіктер тіледі» деп жазылған хабарламада.



ГАЗҒА КӨШКЕН ҚАРЖЫ ҮНЕМДЕЙДІ

Биылғы жылу беру маусымында елордадағы тубдиспансер, 6 балабақша, 7 мектеп, №1 арнайы мектеп-интернат, «Шарапат» арнайы қызмет көрсету орталығы, бір колледж газға қосылады. Қазіргі кезде бұл нысандарда арнайы жөндеу жұмысы жүріп жатыр.

Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Ол әлеуметтік нысандардың газға ауысуы қаржыны 3,5 есе үнемдеуге мүмкіндік беретінін айтады.

«Салыстырмалы түрде, өткен жылы аталмыш 16 нысанды



дизель отынымен қамту үшін 1 млрд 400 млн теңге қажет болса, газға қосылғаннан кейін шығын тек 440 млн теңгені құрайды. Газдандырудың өзін-өзі ақтауы шамамен 2 жылда толығымен етеледі. Алдағы уақытта мәслихаттың кезекті отырысында өзге әлеуметтік нысандарды газға қосу мәселесін қарастырамыз» деді Е.Каналимов.

НҰР-СҰЛТАНДА НАУҚАСТАР САНЫ АЗАЙДЫ

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (ВАК) 7 тамыздағы жағдай бойынша еліміздегі індетке қатысты эпидемиологиялық ахуал туралы мәлімет таратты.

Нұр-Сұлтанда ауруға шалдыққандар саны айтарлықтай төмендеді. Осыдан екі күн бұрын елімізде 1988 жағдай анықталған еді. Өткен тәулікте коронавирусы инфекциясының 1373 жаңа жағдайы тіркелді, оның ішінде:

Нұр-Сұлтан қаласында – 301; Алматы қаласында – 202; Шымкентте – 12; Ақмола облысында – 89; Ақтөбе облысында – 28; Алматы облысында – 12; Жетісу облысында – 24; Атырау облысында – 26;

Шығыс Қазақстанда – 10; Абай облысында – 22; Жамбыл облысында – 40; БҚО бойынша – 49; Қарағанды облысында – 327; Ұлытау облысында – 2; Қостанай облысында – 63; Қызылорда облысында – 25; Маңғыстау облысында – 16; Павлодар облысында – 83; Солтүстік Қазақстанда – 26; Түркістан облысында – 16. Елде барлығы 1 368 205 жағдай тіркелді. 2061 адам індеттен жазылып шықты, соның ішінде:

Нұр-Сұлтан қаласында – 1015; Алматыда – 336; Алматы облысында – 134; Жетісу облысында – 52; Шығыс Қазақстанда – 26; Абай ауданында – 27; БҚО – 6; Қарағанды облысында – 327; Ұлытау облысында – 25; Қызылорда облысында – 54; Маңғыстау облысында – 38; Павлодар облысында – 2; Түркістан облысында – 19. Елде барлығы 1 327 732 адам COVID-19-дан жазылып шықты.

ЖАҢА ЕЛШІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

АҚШ Сенаты Қазақстандағы елші лауазымына Дэниэл Розенблумның кандидатурасын бекітті.

Бұл туралы АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің баспасөз қызметі ақпарат таратты. 2019 жылдан бастап Дэниэл

Розенблум АҚШ-тың Өзбекстандағы елшісі болып қызмет атқарған. 2021 жылдың қазан айынан бастап Қазақстандағы

дипломатиялық өкілдіктің басшысы міндетін Джули Куо уақытша атқарып келді. Ол елдегі дипломатиялық миссиясын аяқтаған Уильям Мозердің жұмысын уақытша орындау міндетін өз жауапкершілігіне алған еді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Исландияда 600 мың жылдан кейін Фаградальсфьядль жанартауы оянды.

2021 жылы жер бетінде жарықшақ пайда болып, одан лава 100 метр биіктікке атқылаған. 10 айдан кейін жанартау қайтадан оянып, туристер үшін тартылыс нүктесіне айналды. Исландия қарама-қарсы бағытта қозғалатын Еуразиялық және Солтүстік Американың тектоникалық плиталарының арасында орналасқан. Сондықтан бұл арал – әлемдегі жанартау белсенділігі жоғары және жиі жер сілкінісі болып тұратын жер.



Колумбияда экс-партизан президент болды.

Партизан қозғалысының бұрынғы мүшесі, осыған дейін 2 рет сайлауға қатысқан Г.Петро алғашқы шешімімен демаркациялық комиссиясындағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Үкімет делегацияларының кезекті отырысы өтті. Бұл туралы еліміздің



Италиядағы По өзенінен Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде су астында қалған бомба табылды.

Әскери сарапшылар өзеннің солтүстігіндегі Борго Вирджилло ауылы маңында табылған 450 келі бомбаны залалсыздандырған. Ол үшін жақын маңда тұратын 3 мыңға жуық адам эвакуацияланған. Осы аудандағы әуе кеңістігі жабылып, су жолының сол бөлігіндегі навигация, сондай-ақ жақын маңдағы теміржол желісі мен мемлекеттік автожол қозғалысы тоқтатылған.

Премьер-министр Әлихан Смайылов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (ӘМАТ) бағасын ұстап тұру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кеңес өткізді. Кеңес барысында соңғы айда бағаның 0,8 пайызға өскені атап өтілді. Ең көп өскені пияз, қант және күріш бағасы болса, қырыққабат, сәбіз және картоп бағасы төмендеген.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ НЕДЕ?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда елімізде сиыр еті, құс еті, ұн, картоп, күнбағыс майы, тауық жұмыртқасы мен сүтті қоса алғанда 680 мың тоннадан астам негізгі азық-түлік тауары бар. Ішкі нарықты бидайдың, қанттың және тұздың қажетті көлемімен қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылданып жатыр.

«Ауыл шаруашылығы министрлігі қант саласын дамытудың кешенді жоспарын қабылдады. Енді оны іске асыру бойынша тиісті өңірлермен бірлесіп белсенді іс-қимыл жасау үшін шаралар қабылдау қажет. Сондай-ақ қантты бағсыз әкелуге квоталар бөлінген кезде, олар бұл жұмысты уақытылы орындай алмайтын көптеген ұсақ жеткізушілерге таратылған. Осыған байланысты біз қант жеткізуде белгілі бір проблемалардың бар екенін байқадық. Сондықтан квоталарды бірнеше ірі көтерме жеткізушілер арасында бөлу керек. Олар шағын компанияларға қарағанда қантты төмен бағамен жеткізе алады» деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар отырыста Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату алаңдарына қатысты монополияға қарсы ден қою шараларын іске асыруды жалғастыратыны белгілі болды. Атап айтқанда, жыл басынан бері 132 комплаенс-келісім жасалды, оның ішінде сауда үстемесін 15-тен 10 пайызға дейін төмендету қарастырылған. Сауда саласындағы құқық бұзушылықтардың барлық фактілері бойынша тергеу жүргізілуде.

Өңірлерге келетін болсақ, бір айда ӘМАТ бағасының ең жоғары өсуіне Ұлытау (1,5%), Қарағанды (1,4%) және Қостанай облыстары (1,3%) жол берген.

«Біз өңірлердегі сауда субъектілерінің жалпы жағдайды пайдаланып, аса жоғары қосымша табыс табатынын көріп отырмыз. Егер өкілдіктер мұны бақылауға алып, сауда-саттықтың барлық кезеңінде сауда үстеме



баға бойынша мониторинг жүргізбесе, жағдай өзгермейді» деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы азаматтарды толғандыратын тағы бір мәселе пияз бағасының өсуі екенін атап өтті. Мәселен, соңғы айда баға орта есеппен 11,9 пайызға өсті. Бір айда Батыс Қазақстан, Жетісу, Түркістан облыстарында және Алматы қаласында бағаның ең жоғары өсуі тіркелген.

«Әріптестер, қантпен болған жағдайдың объективті сыртқы себептері болса, пияз бойынша олардың қатарында астықты жеткізу бойынша уақытылы келісімшарттар жасасу тетігі бар. Өңірлер әкімдеріне оны тұрақтандыру қорларын толықтыру үшін белсенді түрде пайдалануды тапсырамын. Осы мәселеде әр жұмысты уақытылы орындау маңызды екенін атап өткім келеді» деді Әлихан Смайылов.

Премьер-министр бағаның өсу себептерінің бірі өндіріші мен түпкілікті тұтынушы арасындағы делдалдардың көптігі екенін айтты. Оларды анықтау үшін барлық өңірлерде арнайы комиссия құрылған.

«Өңірлер әкімдеріне аталған комиссиялардың жұмысын жандандыруды, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілермен және көтерме саудагерлермен тығыз жұмыс істеуді тапсырамын. Сондай-ақ жұмыстың формалды тәсілдерінен арыла отырып, сауда үстемесін асырып жібергені үшін бақылау және

әкімшілік жауапкершілікке тарту шараларын күшейту қажет» деді ол.

Кеңесті қорытындылай келе, Үкімет басшысы азық-түлік өнімдерінің бағасын ұстап тұру мәселелері басым мәнге ие екенін тағы да атап өтті. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігіне азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін барлық факторларды көрсететін ӘМАТ өндіру мен тұтынудың тиімді және өзекті теңгерімін ұсыну, облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, өңірлердің күзгі көкөністер бойынша алдын ала келісім-шартқа отыруын қамтамасыз ету, ӘМАТ қорларының көлемін тұрақты негізде мониторингтеу және олардың өзгеруіне жедел ден қойып отыру тапсырылды.

Премьер-министр өңірлер әкімдіктеріне тұрақтандыру қорларын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен уақытылы толықтыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

«Сауда және интеграция министрлігіне өңірлер әкімдіктерімен бірлесіп, рұқсат етілген бөлшек сауда үстемесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты күшейтуді және жалпы қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Нарықтық тетіктерге сәйкес келетін және баға өсуінің салдарымен емес, себептерімен тұрақты бағытталған тамақ өнімдерінің бағасын ұстап тұру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеу қажет» деп сөзін түйіндеді Әлихан Смайылов.

ШЕКАРАНЫ ШЕГЕНДЕУ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы шекара ұзындығы 2,1 мың шақырымнан асады. Оны демаркациялау бойынша келіссөздер 2003 жылы қолға алынып, бұл бағыттағы жұмыстар 2017 жылы жандана түсті.

2022 жылғы 25 шілде-5 тамыз аралығында Алматы қаласында Қазақстан-Өзбекстан бірлескен демаркациялық комиссиясындағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Үкімет делегацияларының кезекті отырысы өтті. Бұл туралы еліміздің

Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Келіссөздер барысында тараптар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шарт жоба-

сының мәтінін келісуді және шекараны демаркациялаудың қорытынды құжаттары жобаларының пакетін қалыптастыруды аяқтады. Келесі кездесу Өзбекстан Республикасында дипломатиялық арналар арқылы келісілген мерзімде өтеді.

ЖӘРМЕҢКЕ БАҒАСЫ КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМДЫ

Жергілікті және өңірлік тауар өндірушілердің апта сайынғы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі «Астана Арена» стадионының жанындағы көлік тұрағы орналасқан аумақта өтті.

Дәстүрлі шараға Нұр-Сұлтан қаласы мен Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының тауар өндірушілері қатысып, елордалықтарға өз өнімін ұсынды. Кәсіпкерлердің айтуынша, олар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін нарық бағасынан 10-15 пайыз төмен бағамен сатады. Бұл қала тұрғындарына уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жәрмеңкеге зейнеткерлер көп келді. Олар автобус тосып, орталыққа сабылмайтынына, сондай-ақ азық-түлік тауарларының бағасына дән риза.

– Өзім осы маңда, елорданың «Жағалау» ауданында тұрамын. Жеміс-жидек пен көкөніс сатып алу үшін енді орталық базарға бармайтын болдым. Себебі мұнда азық-түліктің барлық түрі бар. Керегімнің бәрін осы жерден тауып, сатып алып жүрмін. Әрі мұнда баға да көңілге қонымды, үйдің қасындағы дүкендерге қарағанда әлдеқайда арзандау екен. Алысқа барып, базар аралап, аяқ талдырмайтыным жақсы болды. Халықтың ақшасымен қоса уақытын да үнемдеуге мүмкіндік туғызып, осындай жәрмеңке ұй-



ымдастырған әкімдіктерілерге алғыс айтамын. Мұндай шаралар қаланың басқа аудандарында да өткізілуі керек, – деді елорда тұрғыны Жақсыкелді Әбдірахманов.

Иә, Есілдің сол жағалауындағы дүкендерде азық-түліктің бағасы қымбаттау. Сол себепті ауыл шаруа-

шылығы жәрмеңкелерінің осы жақта өтуі, әрине, халыққа өте тиімді. Әсіресе түскі уақытта бұл жерге келушілер көп. Олар елорда маңындағы елді мекендерден жеткізілетін азық-түліктерді арзан бағамен сатып алуға. Мұнда ет, сүт, көкөніс пен жеміс-жидектің және нан өнімдерінің барлығы бар.

БИЗНЕС-ИДЕЯЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Грантқа үміткерлер төмендегі әлеуметтік санаттың бірінен болуы керек: – 29 жасқа дейінгі жастар; аз қамтылған отбасы мүшелері – атаулы көмек алушылар; көпбалалы отбасы – көпбалалы отбасылар бойынша жәрдемақы алушылар; қандастар, қоныс аударушылар; жәрдемақы алатын мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғалар; еңбекке қарсы көрсетілмеді жоқ мүгедектігі бар адамдарды (мүгедектер) және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар тиісті қаржы

жылының республикалық бюджеті туралы заңда белгіленген 400 АЕК-ке дейінгі мөлшерде (2022 жылға 1225200 теңгені құрайды) өтеусіз және қайтарымсыз негізде бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын ұлттық жобаға қатысушыларға бір рет беріледі.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алу үшін өтініш беруші «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталының ішкі жүйесі болып табылатын business.enbek кәсіпкерлік бастамаларды қолдау порталында өтініш береді.

Грант алудың міндетті шарттары: 1. «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқуды аяқтау туралы сертификаттың болуы (3 жыл ішінде, сертификатты

алған күннен бастап есептеледі);

2. Үміткердің порталда белгіленген талаптарға сәйкестігіне нәтижелердің болуы;

3. Комиссияның оң шешімінің болуы. Грант алу үшін өтінішдер I лек бойынша (2022 жылғы 1-14 сәуір аралығында берілді), II лек бойынша 2022 жылғы 8-19 тамыз, III лек бойынша 2022 жылғы 29 тамыз-9 қыркүйек, IV лек бойынша 2022 жылғы 19-30 қыркүйек аралығында, портал арқылы business.enbek.kz онлайн режимінде жүзеге асырылады.

Толық ақпарат алу үшін Бейбітшілік көшесі 9, мекенжайына хабарласуға болады. Тел.: 24-94-72, 24-96-44, 8-700-956-98-10.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫМЕН

Бас қалада «Жүрек орталығы» қоры қайырымдылық жүгіру жарысын ұйымдастырды.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстандағы алғашқы жүрек трансплантациясының 10 жылдығына орайластырыла өткен шараға он сегіз жасқа дейінгі 50-ден астам адам қатысты. Олардың арасында Болат Жәмішев бастаған «Қазақстан халқы-

на» қорының командасы, Ironman 70.3 Nur-Sultan 2022 қатысушылары, соның ішінде белгілі қазақстандық спортшы Серік Сәпиев және түрлі клубтардың кәсіби жүгірушілері болды.

Шара барысында кардиохирургиялық орталықтың басқарма төрайымы

Махаббат Бекбосынова донорлық мүшелерін трансплантациялаудан өткен, тіпті паралимпиада ойындарына қатысқан «Жүрек орталығының» пациенттерін таныстырды. Ал University Medical Center басқарма төрағасы Юрий Пя жарыста жеңілгендердің жоқ екенін, қатысушылардың әрқайсысы жеңімпаз екенін атап өтті. Өйткені олардың барлығы – қамқор адамдар.

САУРАН КӨШЕСІ ЖАРТЫЛАЙ ЖАБЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Сауран көшесінде жол жөндеу жұмысы басталғанын хабарлады.

6-20 тамыз аралығында Сығанақ көшесінен Керей-Жәнібек хандар көшесіне дейінгі аралықта көлік қозғалысы ішінара жабылады. Осыған байланысты елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін қозғалыс

бағытын алдын ала жоспарлауы қажет.

«Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз және жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне түсіністікпен қарауды сұраймыз» делінген ведомство хабарламасында.



Иранда әйелдерге жарнамаға түсуге тыйым салынды.

Бұған халықты шулатқан балмұздақ жарнамасы түрткі болған. Мәдениет және діни бағдарлау министрлігі Иранның өнер және кино мектебіне арнайы хат жолдап, хиджаб кию мен тазалық ережесінің өрескел бұзылғанын хабарлап, бұдан былай әйелдердің жарнамаға түсуіне мүлде тыйым салынатынын жариялады. Сонымен бірге балмұздақ өндіруші компанияны әйел бейнесін жарнамада арам пиғылмен қолданғаны үшін сотқа берді.



Финляндияда шамамен екі миллион тонна құлпынай жиналмай қалуы мүмкін.

Бұған жұмысшылардың жетіспеушілігі себеп. Бұрын құлпынай теруге жұмысшылар Украинадан келетін. Алайда қақтығыс салдарынан жұмыс күші ағыны айтарлықтай азайған. Кәсіпкерлер осы уақытқа дейін жұмыс күшін іздестіру әрекетінің еш нәтиже бермегеніне шағымдануда. Таиландтан келген еңбек мигранттары украиндық жұмысшыларды алмастыруы мүмкін, бірақ олардың егінді сақтап қала алуы әзірге белгісіз.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Елордада аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бойынша қазір қандай жұмыс жүріп жатыр?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Қоғамдық кеңістіктер елорданың көркін арттырып, қала тұрғындары мен қонақтары үшін тартымды орынға айналды. Абаттандыру жұмысы барлық ауданда жүріп жатыр. Мәселен, биыл Бараев көшесінде жаяу жүргіншілер жолы, Бейбітшілік және келісім сарайының жанында амфитеатр, қараусыз қалған «Жеруық-2» саябағындағы «Достық гүлзары», «Мұғалімдер саябағы» ашылды. Сол сияқты қалалық алаң, оң жағалауда баршаға белгілі «Встреча» ауданы және т. б. абаттандырылды.

Елді мекендердің өзінде соңғы жылдары 311 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Қаламызда бас-аяғы 750-ден аса аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Абаттандыру жұмы-

сы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында жүргізіліп жатыр.

Осыған дейін көпір астындағы кеңістіктер абаттандырылып, құтқарушылардың, медицина қызметкерлерінің құрметіне арналған арнайы тақырыптық алаңдар, көше спортының колизейі, «Театральный» бульвары, «Demafys Promenade» демалыс күні көшесі және т. б. ашылды.

Қоғамдық кеңістіктер мен аулаларда әркім жанына жақын іспен айналыса алады: баскетбол/футбол алаңдары, workout аймағы, демалысты тыныш орында өткізуге арналған орындар, балаларға арналған алаңдар, әткеншектер, шығармашылық қойылымдарға арналған сахналар және т. б. орналасқан.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Еркін СЫЗДЫҚ, елорда тұрғыны:

– «Ақ отау» тұрғын үй кешенінің инженерлік инфрақұрылымын салу, абаттандыру мәселелері қашан шешіледі?

Оқырман сұрағына Сарыарқа ауданының әкімі Жүсіп ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ жауабын ұсынамыз:

«Ақ отау» тұрғын үй кешені орналасқан аумақ енді белсенді қоныстанып келеді. Алдағы күзде жылу магистралін тарту жұмысы басталып, келесі жылы тұрғындар орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылады. Ал абаттандыруға ауланы

жарықтандыру және көгалдандыру кіреді. Биыл жобалық-сметалық құжаттарын дайындаймыз. Келесі жылы аула толығымен өзгереді. Тұрғындардың пікірін ескере отырып, күрделі жөндеу жүргіземіз. Құрылыс салушы жарықтандыру бағандарын теңгерімге өткізіп жатыр. Қай жерде нені түзетуге керек екенін өзімізге белгілеп қойдық. Ал күзде, көгалдандыру маусымы басталатын кезде аулаға ағаш отырғызамыз.



БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

08.08.2022		ELORDA.INFO			
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ		Астаналық базар	«Әлем» базары	«Шығарта» базары	«Шыраң» базары
	Бірінші сортты бидай ұны	335	260	230	200
	Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	100	120
	Макарон өнімдері	450	230	360	350
	Қарақұмық жармасы	680	520	555	600
	Тазартылған күріш	480	405	410	420
	Картоп	250	240	220	200
	Сәбіз	300	222	190	180
	Пияз	330	320	320	250
	Қырыққабат	200	90	130	100
	Қант	850	470	650	700
	Күнбағыс майы	900	780	910	750
	Сыыр еті	2750	2550	2400	2500
	Тауық еті	1700	1300	1300	1150
	Пастерленген сүт	540	305	295	350
	Айран	350	305	310	310
	Сары май	420	605	3000	850
	Тауық жұмыртқасы	46	46	40	120
	Ас тұзы	80	52	80	60
	Сүзбе	950	843	1185	900

ҚИЫНДЫҚҚА ҚАРСЫ ТҮРҒАН

Тренингтердің бірінде кәсіпкер Шынар Қалиева коуч Арман Ақбердиевтен Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша грант алуға конкурс жариялағанын естіді. Тәуекел етіп, құжаттарын тапсырды. Жолы болып, 5 миллион теңгелік грантты ұтып алды. Бұл қаржыға қажет қондырғыларды сатып алып, наубайхана ашты.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

– Мен үш баланың анасымын. Үлкен екі қызым бойжетті. 2015 жылы ерекше ұл баланы тудым. Мұндай сәби туады деп еш отбасы ойламайды. Ұлым туғанда жыладым, өмірге өкпе мен реніш, қорқыныш пайда болды. Тағдырдың алдында дәрменсіздік сезініп, күйзеліске түстім. Сол кезде маған «Мама Про» қоғамдық қоры көмектесті. Бұл қор ерекше балаларды тәрбиелеп жатқан аналарды қорғау үшін құрылған. Сол кезде жігері мықты, табысты әйелдердің ортасына түстім. Олар кәсіпкерлік істің негіздері бойынша курс өткізетін. Бізге өз ісінді ашу үшін қандай алғашқы қадамдарды жасау керек, бизнес-жоспарды қалай жасаған дұрыс, бухгалтерия негіздері мен шешендік өнерді үйретті. Бірақ ең бастысы – психологтармен



жұмыс. Себебі баланы өмірге бейімдеу ананы бейімдеуден басталады. Барлық тренинг пен шеберлік сабағы тегін өтті, – дейді кәсіпкер.

Арман Ақбердиев оған өз ісінді бастау үшін әлеуметтік әлжуаз топтарға қандай жеңілдіктер берілетінін түсіндірді. Шынар есептеулерді жүргізіп,

наубайханаға қандай қондырғылар керектігін зерттеді. Бизнес-жоспарды жазуға оған «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының менеджері көмектесті.

Мемлекеттік грантты ұтып алғандардың арасында өз аты-жөнін көрген кезде қуаныштан жылап жіберді. Осылайша «Сол-

нечная» аталатын наубайханаға арналған алғашқы қымбат та сапалы қондырғыларды сатып алды. Одан кейін «Бидай Фуд» атты шағын наубайхананы ашты.

– Мемлекеттік грантты екі рет, 2020 және 2021 жылдары ұтып алдым. Екеуі де 5 миллион теңгелік. Қазір астаналық «Арбатта» павильоным бар. Орынды жеңілдікпен «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасымен алдым. Бұл павильонда дайын өнімдерді – хот-дог, бургер, сэндвич және өзіміз пісіретін өзге де көптеген нан өнімдерін сатамыз. 2020 жылы ісімізді бастағанда өзіміз жұмыс істеп, сырттан бір ғана адамды жұмысқа тарттық. Одан кейін жаңа мамандарды шақырдық. Қорытындысында алғашқы жылы 4 жұмыс орнын құрдық. Келесі 2021 жылы өз павильонымызда өнімдерімізді өткізе бастадық. Хот-догтарға арналған бөлімдерді өзіміз пісірдік. Өз өнімімізді пайдалану арқылы тұтынушыларға бағаны арзандаттық. Келесі жылы ұтып алған 5 миллион теңгеге қатырғыш және мұздатқыш қондырғыларды, нан жаятын жабдықтарды, басқа да керек құралдарды сатып алдық. Соның арқасында өнімді шығару көлемін ұлғайттық. Қазір наубайханада 4 адам және павильондағы 2 сатушы, барлығы 6 адам жұмыс істейді. Мәзіріміз де кеңейіп, дүкендер арасында әріптестеріміз көбейді. Әлеуметтік желі арқылы да сауда жасауға мүмкіндік алдық, – дейді Шынар Қалиева.

Грант иегері қазір тамақтану өндірісі бойынша білімін арттырып жатыр. Жақында екі айлық курсты оқып бітірді. Бұған қоса, қаржылық талдау және модельдеуді үйренуде.



ЭКЗОҚАҢҚАМЕН ОҢАЛТАДЫ

25 жастағы елордалық кәсіпкер Бақдәулет Туғанбай науқастардың аяқ қозғалысын оңалту мақсатында қолданылатын экзоқаңқа өндірісін дамытуда. Ол биыл Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі арқылы «Бизнестің жол картасы» бағдарламасына қатысып, грант иегері атанды.

**Райхан
РАХМЕТОВА**

деп атап өтті елордалық кәсіпкер.

Мамандығы инженер-конструктор Бақдәулет жүріп-тұруы қиынға соғатын адамдар үшін экзоқаңқа жасап, құрастырумен айналысады. Оны жасап шығару туралы ой нарықтағы сұраныстан туындаған. Себебі қазақстандықтар шетелдік, көбіне ресейлік немесе қытайлық темір құрылғыларды сатып алады екен. Шетелде арзан болғандықтан, науқастар көбіне медициналық ұйымдар арқылы тапсырыс береді. Осыдан кейін жас кәсіпкерге неге отандық өндіріс ашып, экзоқаңқаларды қолжетімді етіп жасамасқа деген ой келген. Бұған дейін үш жыл бионикалық қол протезін жасайтын компанияда жұмыс істеген ол сол жерде жинақтаған тәжірибесінің арқасында жаңа жобаны ойлап тапқан. Енді, міне, қала әкімдігі арқылы мемлекеттік бағдарламамен 5 млн теңгенің грантын жеңіп алып, медициналық құрылғы жасау кәсібін бастап отыр.

– Еліміздегі мүгедек жандар үшін экзоқаңқаның қолжетімді болғанын қалаймын. Бұл экзоқаңқа – отандық өнім. Мүмкіндігі шектеулі жандардың аяқтан тұрып кетуіне, оларды оңалтуға көмектеседі, сонымен қатар түрлі апаттан зардап шеккен, инфаркт алған, жүрек талмасынан сал болып қалғандарды қайта қалпына келтіруге жәрдемдеседі. Медициналық құрылғы – әсіресе инфаркттан кейінгі оңалтуды қажет ететіндер үшін таптырмас құрал, –

деп атап өтті елордалық кәсіпкер. Бақдәулет бастаған кәсібінің аясын одан әрі кеңейтуді қалайды. Алайда өндірісті бұдан да ауқымды етіп дамыту үшін ақпараттық қолдау жетпей жатқан көрінеді. Тек елордада қалып қоймай, еліміздің өзге де өңірлеріне, шетелдік нарыққа шығуды көздейді. Алдағы уақытта өндірістегі мамандардың санын көбейтіп, экзоқаңқаларды көптеп жасап шығару ойында бар.

Оның биыл мамыр айында құрылған жеке кәсіпкерлігі жаңа механизмдер жасап шығарумен айналысатын MBionics холдингімен әріптестікте жұмыс істейді.

– Жалпы бір механизмді жасауға 1 ай уақыт кетеді. Құрылғылар тапсырыспен ғана, яғни әр пациенттің жеке өзіне шақталып жасалады. Біз экзоқаңқаны жасау және құрастырумен айналысамыз, қалған жарнама беру, насихаттау жұмысымен холдинг шұғылданады. Мемлекет берген грантқа 2 станок сатып алдық, – дейді Б.Туғанбай.

Айтуынша, құрылғыларды жасауда медициналық білімнің жетіспеушілігі қиындық келтіреді екен. Себебі механизмдер науқастар үшін пайдалы әрі ыңғайлы болуы керек. Соған қарамастан шағын кәсіпкерліктегі инженер-конструктор, электроншы, дәнекерлеуші, токарь, фрезер станогының операторы, дизайнер, бағдарламашы сынды мамандар жан-жақты іздене отырып, өнімді сапалы түрде дайындауда.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН АКСЕССУАРЛАР

Елордада «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында қала әкімдігі арқылы 2 және 5 млн теңгенің грантын ұтып алған кәсіпкерлер көп. Солардың бірі – Ақмарал Иманалиева.

**Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Ол бүгінде төрт баланың анасы. Соңғы он жылдан бері Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. 2014 жылы дүниеге келген Аян және Райан есімді егіз ұлдарының үлкеніне бір жасында церебралды сал ауруы диагнозы қойылып, дәрігердің айтуынша, ерекше балаға арналған жаттығу құрал-жабдығына деген қажеттілік туындаған кезде, жас отбасы шарасыз күй кешті. Қайда барып, кімнен көмек сұрағын білмей дабырап қалған ата-ана дәл осы жағдайдан кейін кәсіпкерлікке бет бұрды.

– Жолдасым балаларды оңалту орталығында жұмыс істейді. Жұмыс барысында осындай құрал-жабдықтарды талай рет көзімен көрген болатын. Олардың өз баламызға қажет екенін естіп, осындай құрал таппай қиналған тұста жолдасым көп ойланбастан бірден іске көшті. Осылайша, ол әлгі құралды өз қолымен жасап көруге асықты. Көп ұзамай папасы Аянға үш функцияда жұмыс істейтін сапасы керемет баспадақ жасап берді. Кейін ерекше балалары бар ата-аналардан тапсырыс түсе бастады. Сөйтіп сұраныс артты. Біздің елде нарықта бұл сала аса дамымағанын байқадық. Мұны жасайтындар саны аз екенін біліп, осы саланы кәсіп ретінде бастауды жөн көрдік, – деді елордалық кәсіпкер.

Ақмарал Еңсебекқызының айтуынша, бастапқыда биз-

несті бастауға қаржысы болмаған. Тіпті қолдарында дайын шикізат та жоқ еді. 2020 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына барып, «Бизнес бастау» жобасына қатысуға ниет білдіріп, барлық талабынан мүдірмей өтіп, нәтижесінде 200 айлық есептік көрсеткіш есебінде грант ұтып алды. Бұл



шамамен 600 мың теңгеге жуық ақша болатын. Сол қаржыға отағасы ерекше қажеттілігі бар жандардың күнделікті өмірде пайдаланатын аксессуарларын жасай бастайды.

Ал былтыр олар қалалық әкімдіктің құны 5 млн болатын грантын ұтып, кәсібін кеңейтті. Бұл қаражатқа станоктар сатып алып, цехын үлкейткен кәсіпкерлер бүгінгі таңда 3 адамды жұмыспен қамтып отыр.

– Біз ерекше жандарға арналған жаттығу құрал-жабдықтары мен ұсақ моториканы дамыту үшін монтеessori, эрготерапия кабинеттеріне арналған заттар жасаймыз. Мысалы, жодунок тепе-теңдікті сақтауға және құлап қалмауға, сенімділікпен жүруге көмектеседі. Ал вертикализатор тек туа бітті ауруға шалдыққан науқастарға ғана арналмаған. Бұл құрылғы күрделі отадан, болмаса жол апатына ұшырағаннан кейін науқастың ұзақ уақыт жатып қалмауына жәрдемдеседі. Сондай-ақ ол – жарақаттан соң оңалту кезеңінде тік қалыпқа келтіруге мүмкіндік беретін көмекші құрылғы, – деді А.Иманалиева.

Кәсіпкерлердің қолдан жасаған тауарларына сұраныс берушілер қатары көбейіп келеді. Құптарлығы сол, олар жасаған кейбір заттарды ерекше қажеттілігі бар балалармен қоса, инсульт алған адамдар да қолдана береді.





АБАЙ ЖӘНЕ ЛЕРМОНТОВ немесе «ВАДИМ» ПОЭМАСЫ

Мұхтар Әуезовтің «Абай шығармашылығының үш қайнар көзі, тірегі бар» деген тұжырымды пікір айтқаны белгілі. Білгір зерттеуші Абай шығармашылығының бастау бұлағы ұлттық сөз өнері, халықтың поэзиялық дәстүрлері екенін айта отырып, сонымен қатар шығыс мәдениетін, орыс мәдениетін атап көрсетеді. Абай күніне орай ақын, абайтанушы Алмахан Мұхаметқалиқызының зерттеуін ұсынамыз.

1893 жылдардан бастап аудармамен айналысқан ақын көп өлең жазбағанымен, қарасөз араластыра отырып, көбіне аудармамен айналысады. Ұлы ақын өзінің аудармаларында дайын үлгіні пайдаланбайды. Қандай дәстүр, үлгі-өрнекті қызықтаса да, оны өзінше жанартып, өзгеше қуат, сипат дарытып, мүлде басқаша қолданады. Абайдың аударма өлеңдері түпнұсқаға лайықты аударма және еркін төл шығармаға айналған аударма болады.

Кең мағынада Абай өлеңдерінің қайсысы болсын Абайдың қолынан шыққан көркем туынды. Ол қазіргі аудармашылардай тек түп-нұсқаны ғана бар қалпынша жеткізуді мұрат етпеген. Қай шығарманы болсын өзінің көңіл-күйіне үйлестіре, қысылмай еркін тәржімелейді. Жаңа ағымдар кіргізе отырып шығарған туындыларында Лермонтовтан, Гете, Байроннан аударған өлеңдері кіреді. Гетеден Лермонтов, Лермонтовтан Абай аударған өлеңдері стихияны сезінуде философиялық, ойшыл нәзік сезімді аудару Абай шығармаларына жаңаша тосын сезім кіргізеді. Осы жылдардан бастап Лермонтовты аудару Абай шығармашылығында тұрақты әдетке айналады. «Өзіңе сенбе жас ойшыл», «Ал, сенейін, сенейін», «Көңілім менің қараңғы бол-бол ақын», «Жақсылық ұзақ тұрмайды» аудармалары өзіндік үйлестігін табады.

Абай аудармаларының ішінде Лермонтов поэзиясына деген ықылас ерекше болады. Ол орыс ақынының шығармашылық үндестігін ерекше жақын көрді, сырласын, мұңдасын тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімдене ден қойған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны да Лермонтов болады. Шығармаларын жанына жақын көріп, түйсіне оқыған ақын орыс қауымының тілек-талабын, мұңын ұға алатын дәрежеде еді. Ол өз мұңына сай келетін халықтың жырын да ұқты. «Соқтықпа-лық соқпақсыз жерде өскен», «мыңмен жалғыз алысқан» жырларына нәр жинады. «Қаны қара бір жанмын, жаны жара» деп ашулы мұң шертті. Лермонтовты ол ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын деп іштартып жақын көрді. Соның нәтижесінде Лермонтовтан бірнеше туындылар жасады.

1900-1901 жылы Абай Лер-

монтовтың бітпей қалған «Вадим» атты романының алғашқы екі тарауы және үшінші тарауының біраз жерін өлеңмен еркін аударды. «Вадим» 40 шумақтан тұратын «батыр күнге шымылдык көк бүлт кең» атты туынды. Бұл туындыда шаруалардың крепостнойлық тәртіпке наразылығы баяндалған. Бұл Абайға, Абайдың заманына қажет болды. Кейбір зерттеушілер бұл шығармада Емельян Пугачев образы суреттелген деген пікір айтады. Ақын шаруалардың басыбайлық тәртіпке наразылығын шебер және сүйсіне баяндайды.

Әңгіменің желісі Вадим деген қайсар жігіттің тағдырына сол кездегі әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтары жинақтайды. Еріншек, белсенділігі жоқ адамды сынайтын шығармалар – азамат ақынның образын беретін шығармалары ақынның жалғыздығын, бірақ оған мойымайтынын, беріктігін көрсететін туындылар. Лермонтовтың өлеңдеріндегі негізгі арқау болған жалғыздығын, өмірден күткен үміті ақталмағанын сезіну. Қалай алданса да тағдырға бас имейтін, қайғы келсе төзе білетін адамның бейнесі – Вадим тағдыры арқылы суреттеледі. Абай да өлеңдегі лирикалық қаһарманның осы қасиеттерін әсерлі, нанымды сипаттайды. Ол өмірдің соққан дауыл сияқты тез өтіп кететініне өбден көзі жетсе де, жақсылықтан күдер үзбегенін Вадим арқылы көрсетеді.

Абай өлеңмен аударған Лермонтов шығармасындағы оқиға Палыцын деген байдың Вадимді үйіне ертіп әкелуімен тынады. Әрі қарай шаруалар көтерілісін, Вадимнің қарындасын іздеген зорлықшылардан өш алу үшін істеген әрекетін бейнелеген тұстарын да Абай аударған деген болжам айтылғанмен, нақты дерек жоқ. Бірақ, ақынның осы «Вадим» әңгімесін, оның іс-әрекетін түгел әңгімелеп беруді ниет еткені анық. Әйтпесе құр басын бастап, қоя салу үшін тәржімелеуге кіріспейтіні түсінікті.

Абай өлеңінде бұл туындының тек ұзын-ырағы ғана сақталған. Кейбір жолдар аударылмаған. Кейбір сөздерді Абай әдейі тастап кетті ме, жоқ па, ол жағы да белгісіз. Бізге белгілі осы шығарманы қолға алуда шығарманың тақырыбына, мазмұнына ерекше көңіл бөлгендігі.

Аударманың біраз жері ғана сақталған. Өлең он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Туынды Мүрсейіт қолжазбалары негізінде Абай шығармаларының 1933 жылғы Қызылордада жарық көрген жинағында жарияланған.

Абайдың немере інісі Кәкітайдың баласы – Әрхам өзінің қолжазба естелігінде осы «Вадим» шығармасы жөнінде мынандай дерек келтіреді.

«...Жидебайдың күнбатыс жағында мешіт-медресе салдырып, имам болып тұрған кішкене молданың баласы – Махмут Кәкітаймен құрбылас болатын. Кәкітай Махмут ауылына келгенде алдына шығып, атын ұстап, құрметтеп үйге кіргізді. Союға мал әкеп «шай қайнат» деп әйеліне бұйырып жатты.

Сонда Кәкітай: – Әй, Махмут, «Вадим» қайда, әуелі соны алып кел, – деді. Махмут сасқалақтап, әбдіресін, сандығын ақтарып жүріп, ортасы жыртылған 5-6 беттегі тосған қағаз алып келіп:

– Кәке, бар болғаны осы болды, – дегенде Кәкітай: – Бұл көп өлең болатын, не болды, қидің бе, міндің бе, – деді. Махмут:

– Үлкен ұят болды. Мына Құтыш деген балам ойнап жүріп жыртып, жоғалтып тастапты. Өзім апарып берем деп Сізге уәде еткен едім, бетім күйіп бара алмады, – дегенде Кәкітай ашуланып қарайып кетті де:

– Әй, Махмут, сені ел имам сайлап, бала оқытып, молла ғып жүр. Сен молла болмақ түгіл мұсылман емессің. Абай ағамнан көрген жақсылығыңды әкеңнен де көрген жоқсың. Құдайдан қорықпай Абайдың «Вадим» сияқты зор еңбегін мына қараборбай балаңа беріп жыртып қызғаның не? – деді де жыртық қағаздарды бүктеп қалтасына салып, дайындап қойған тамағына қарамай атына мініп, Абай ауылына жүріп кетті. Осы күнгі Абай жинағына кіріп, арты жоқ болған «Вадим» поэмасы әуелде көлемді, үлкен поэма екен» – деп жазады.

Дастанның басылымдарында текстологиялық өзгерістер кездеспейді. Тек, Мүрсейіт қолжазбасы мен 1933, 1945, 1954 жылдардағы басылымдарда өлең тарауларға бөлінбей, тұтас берілсе, кейінгі жинақтарда тарауларға жіктелген.

Біз тақырыпты негізге алып, Абай аудармаларының ішіндегі «Вадим» дастанының ғана тарихына тоқталдық.

Жалпы Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп, өсу жолындағы баға жетпес құндылық екенін тарих өзі дәлелдеді. Олардың өткен ғасырда да қазақ сөз өнеріне мол жаңалық әкелген тарихи мәнін былай қойғанда, қайталанбас көркем сипаты ешқашан келімейтін айрықша құндылығын таныта алады. Батыс, шығыс, орыс әдебиетінің жетістіктерін еркін игеріп, таңдаулы үлгілерін кеңінен насихаттаған Абайдың дәстүрін Шәкәрім, Мұхтар, Ахмет, Әлихан, Маржан, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт секілді көрнекті ақын-жазушылар жалғастырып, жан-жақты дамытты.

Алмахан
МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ

ҚАБДОЛОВТЫҢ «ӘУЕЗОВІ» – ТҮРІК ТІЛІНДЕ

Кеше Ұлттық академиялық кітапханада ҰҒА академигі, Қазақстанның халық жазушысы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінің түрік тіліндегі аудармасының тұсаукесері өтті. Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының тапсырысымен бауырлас елдің тіліне тәржімаланған кітап Мұхтар Әуезовтің 125 және Зейнолла Қабдоловтың 95 жылдық мерейтойына арналды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

– Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты еңбегі – қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің бейнесін, тұлғалық болмысын асқан дәлдікпен, шеберлікпен, шәкірттік ұлы махаббатпен ашқан шығарма. Түп тамыры ортақ бауырлас елдердің мәдениеттерін жақындастыру бұрыннан терең байланысқа негізделген. Бұл сөзімізге жүздеген, мыңдаған дәлел келтіруге болады. «Менің Әуезовім» кітабының түрік тіліне аударылып, жарық көруі осы сөзімді тағы бір мәрте айғақтап отыр. Зейнолла Қабдоловтың роман-эссесінің түрік тіліне аударылуы Мұхтар Әуезовтің болмысы мен тұлғасы, шығармашылығы жайлы құнды дүниенің насихатталу шекарасын кеңейтеді. Әуезов жайлы іргелі еңбектің тәржімалануы бауырлас түркі халқы үшін де үлкен олжа. Енді осы кітап арқылы түркі тілдес қауымдастық, соның ішінде жас буын Әуезов әлеміне ер-

«Менің Әуезовім» кітабындағы әрбір сөзі, әрбір үтір, нүктесі Мұхтар Әуезовтің жүрегінің соғып тұрғанындай әсер береді. Бұл кітап менің ойымша түрік дүниесінде өзгеше бір рухани еңбекке айналады. Себебі, Мұхтар Әуезов – бірінші кезекте қазақтың ұлы тұлғасы, ұлы жазушысы. Жалпы қырғыз бен түркі дүниесінде де орны ерекше. Кітапта Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезовтің бүкіл адами болмысын, адами бейнесін, имандылығын, дүниеге көзқарасын қамтыған, – деді Сұлтан Раев.

ТҮРКСОЙ бас хатшысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы Қазақстан мен Орта Азиядағы ең үлкен шығарма екенін айтып, өте терең, масштабты, бүкіл тарихты қамтыған өзгеше еңбек болып есептелетінін атап өтті.

– Мұхтар Әуезов бір ғана Абай ақынның ұлылығын көрсеткен жоқ, Абай заманындағы қазақ тарихын, қазақ тағдырын, қазақ дүниетанымын, қазақ көзқарасын паш етті. Бұл эпопея – Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романынан кейінгі

оған біздің жазушылар қарсы шықты. Сонда Әуезов рухани қалқан болды. Бұл да ешқашан есімізден кетпейді. Себебі Мұхтар Әуезов – қазақ-қырғыз достығының, қазақ бен қырғыздың бір туғандығының өшпес символы. Сондықтан Әуезовті жоғары бағалаймыз, құрметтейміз, – деді Сұлтан Раев.

ТҮРКСОЙ бас хатшысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы Қазақстанда ғана емес, жалпы түркі дүниесінде өткізілетінін, ТҮРКСОЙ Түркияның көрнекті университеттерінде мерейтойына арналған шараларды ұйымдастырып жатқанын атап өтті. Анкарада жақында Әуезов көшесі ашылуы тиістігін, Анкара билігіне бұл туралы хат жіберілгенін жеткізді. Бішкекте Әуезовке үлкен көше берілгенін, заңғар жазушының барлық шығармалары дерлік қырғыз тіліне аударылып, сол елдің мектептерінде, жоғары оқу орындарында оқытылатынын айтты.

Тұсаукесерді академик Дихан Қамзабекұлы жүргізіп отырды. Мәдениеттанушы ғалым, тектінің тұяғы Мұрат Әуезов, халықара-



кін саяхаттап, тұщымды ой түйеріне сенімдімін, – деген Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев кітапты аударуға атсалысқан шығармашылық-редакциялық ұжымға ерекше алғыс айтты.

Министрдің айтуынша, аталмыш ведомство жыл соңына дейін Мұхтар Әуезовтің бес томдық шығармалар жинағын шығарады. Бұл кітаптар заңғар жазушының бірнеше жыл бұрын мемлекеттік тапсырыспен екі мәрте жарық көрген 50 томдық академиялық жинағына қосымша ретінде, яғни тың дүниелер топтастырылған еңбек болмақ.

Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы, жазушы, драматург Сұлтан Раев қазақ пен қырғыздың ежелден келе жатқан әдеби-мәдени, рухани байланысын еске алды. Мұхтар Әуезов Манастың тілін сақтап қалғанын айта келе, әйгілі жазушының тұлғалық болмысына тоқталды.

– Қазақ елінің көрнекті ұлы, жазушысы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» кітабы алғашқы рет түрік тілінде шықты. Әлбетте «Менің Әуезовім» деген сөз өзгеше мәнге ие. Себебі, Әуезовті сыйлаған әрбір адамның жүрегінде өзінің Әуезові сақталған. Сондықтан бұл кітаптың мәнісі өте терең. Осы сөздің, осы философияның, өзгеше көзқарастардың барлығы кітапта қамтылған. Мен айтар едім, Зейнолла Қабдоловтың

кеңес одағындағы өзгеше шығарма. Бұл роман-энциклопедия, философиялық энциклопедия деп айтсақ болады. Мұхтар Әуезов өзінің шығармаларымен, романдарымен Қазақ еліндегі, Орта Азия елдеріндегі әдебиеттің өзгеше бір ой сорабын танытып, интеллектуалдық биік деңгейге көтерді. Бұл – ұлттық әдебиеттің ең жоғарғы, профессионалдық деңгейде жазылған шығармалары. Мұхтар Әуезов жазу мәдениетіміздегі, көркем ой жүгірту мәдениетіміздегі өзгеше бір рухани реформатор болды деп айтсам болады, – деді Сұлтан Раев.

Мұхтар Әуезов пен «Манас» эпосы қырғыз халқы үшін ерекше қастерлі екенін атап өткен қаламгер Әуезов болмаса, қырғыз елінің символы болған «Манас» та болмас еді деген ойды айтты.

– Ашық айтқым келеді, біздің өзіміздің оқымыстылар «Манас» эпосы феодализмдік сарқыншағы, советтік жүйенің идеологиясына сөйкес келмейді» деп қарсы шығып, эпосты жоққа шығарып жатқанда, Мұхтар Әуезов «Манасқа» көкірегін, жүрегін тосып, сақтап қалды. Сол үшін біз, қырғыз елі оған ерекше қарыздармыз. Бұл – бір. Екіншіден, Мұхтар Әуезов – Шыңғыс Айтматовты дүниелік аренаға алып шыққан заңғар ұстаз. Сондықтан Әуезов болмаса, Айтматов та биікке көтерілмес еді. Айтматов өзінің алғашқы «Жемілі» повесін жазғанда

лық Түркия академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, филология ғылымының докторы Амантай Шәріп, жазушы, драматург, Премьер-министр кеңсесі басшысының орынбасары Ермек Аманшаев, М. Әуезов музей-үйінің директоры Дияр Қонаев, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының актері, бірнеше телехикаяда Мұхтар Әуезов бойынша сомдаған Боранбай Молдабаев, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі Светлана Ананьева, Зейнолла Қабдоловтың немерелері Абай және Абылай сөз сөйледі. Жынды әдебиеттанушы ғалым, академик Бауыржан Омарұлы қоратындырып, бірқатар азаматтарға «Мұхтар Әуезовке-125 жыл» мерейтойлық медалі тапсырылды.

«Менің Әуезовім» еңбегін түрік тіліне «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, Стамбул университетіндегі түрік тілі мен әдебиеті бағдарламасы бойынша тәжірибеден өтіп жатқан Әсем Ережеқызы тәржімалады. Кітапты белгілі әдебиеттанушы ғалымдар, Зейнолла Қабдоловтың шәкірттері Бауыржан Омарұлы мен Амантай Шәріп құрастырды. Жоба жетекшісі – Бақытжан Омар, әдеби редакторы – Фазыл Бейсенбаев, ғылыми редакторы – Сәуле Ержанова.

ЖАРНАМА ЖАЙЫНДА ЖАНАЙҚАЙ

Нұр-Сұлтан қаласы көрнекі ақпараттан кенде емес. Әуежайдан немесе темір жол вокзалынан шыққаннан-ақ билборд, пилондардағы «мен мұнда» жарнамалар көздің жауын алады. Заман талабына сай бизнестің бұл түрі қазір гүлденіп тұр. Елордада шамамен төрт жүзге тарта жарнама агенттіктері жұмыс істейді. Ал олар күніне қала көшелеріндегі көрнекі ақпарат құрылымдарына 500-550-дей жарнама орнататын көрінеді. Жарнамалар Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң талаптарына сәйкес негізінен қазақ және орыс тілдерінде, қажет болған жағдайларда өзге тілдерде де беріледі.

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

КӨШЕДЕГІ КӨРНЕКІ АҚПАРАТ

Түсінген адамға бизнестің жүруі мен сауданың қызуы көбіне қолындағы тауардың насихаттау мен оны жұртшылыққа таныта білуде жатады. Ол үшін сол дүниенің сауатты да, мазмұнды жарнамалай білудің маңызы зор. Жалпы, жарнама латынның «reclamare» айқайлау деген сөзінен шыққан екен. Осындайда қазақстандық бір ақынның «айқай салып жатады жарнамалар...» деген өлеңі еске оралады. Сол елорда көшелерінде «айқай салып тұрған» мәтіндердің мемлекеттік тілдегі мағынасы мен сауаттылығы қандай? Міне, осы төңіректе сөз өрбітсек.

Филолог Ермек Есімсейттің айтуынша, бұл тұрғыда ойынақы, ұтқыр шыққан мәтіндер тауарға көпшіліктің бірден назарын аударатыны рас көрінеді. Мәселен, «Сенің таңсық тұлпарың!» деп жол талғамайтын «Джип» көліктері жарнамалау сол компанияға молынан клиент тартуға септігін тиізеді сөзсіз екен. Алайда, кейде қала көшелерінде қазақ тіліндегі мағынасы орашалақ, тіпті, түсініксіз немесе орыс тілінен тікелей калка түрінде аударып, ілінген жарнама мәтіндері кездесіп жатады. Мәселен, бір оқырман вацап арқылы салып жіберген «үйленбеген қошқар етінен самса» деген бір дүңгіршектің алдындағы маңдайша жазуын көргенде не күлерімізді, не жыларымызды білмедік. «Міне, осыған кім жауап береді?» деген сауалды біз Нұр-Сұлтан қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қойдық.

Біз тек көрнекі ақпараттар мен маңдайша жазулары мәтіндерінің сауатты жазылуын қадағалаймыз. Осы тұрғыда қаладағы бірнеше жарнама агенттіктері эскиздерінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерін бізге әкеліп келіседі. Біз аудармамен айналыспаймыз. «Осылай болса, дұрыс болар еді» деген бағытта ұсыныстар береміз. Жасыратыны жоқ, көптеген агенттіктер жарнама мәтіндерін бізбен келіспей

ліліп қойып жатады. Егер қате болса, басшыларына хат жазып, алдырып, қайтадан сауатты жазылуына ықпал етеміз» дейді аталған басқарманың бас маманы Айгүл Иманғали.

Жарнама – тұнып тұрған ақша. Тапсырыс берушілер өз өнімдерінің тез арада халық назарына ілігуіне өте мүдделі. Сондықтан олар барынша қомақты қаржы құйып, жарнамаларының көрнекті де, халық көп жүретін жерлерге ілінгенін тауір көреді. Содан да болса керек, «Жайна», «Астана көркем», «Бектау», «Елмерей», тағы да басқа кейбір жарнама агенттіктері мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған эскиз мәтіндерін Тілдерді дамыту басқармасымен келіспестен, іле береді екен. Міне, қала көшелеріндегі көзі қарақты жанның назарына ілігетін қателер осы мекемелердің жауапсыздығы мен салдыр-салақтығынан орын алып отырғанын баса айту қажет.

Өткен айларда әкімдіктің «109 – Айтқомек» орталығына осындай сауатсыздықты жоюды сұраған қала тұрғындарынан он екі арыз-шағым түсіпті. Тексере келгенде бірде-бірі Тілдерді дамыту басқармасымен келісілмеген болып шықты.

«Облыс орталықтары бас қалаға қарап бой түзейді. Сондықтан қала көшелеріндегі көрнекті ақпараттар мен жарнамаларға аса сақтықпен қараймыз. Айына екі рет рейд ұйымдастырып, көзге іліккен қателерді жөндетіп, мәтінді мағынасыз жарнамаларды алдырып тастаймыз» дейді

басқарманың бас маманы.

Айту керек, бұл тұрғыда Тілдерді дамыту басқармасының өкілеттігі де шектеулі. Олар тек табылған қателерді жөндеуге ұсыныс қана бере алады. Өздері барып бірден алып тастап немесе қате жіберген мекемені жауапкершілікке шақыра алмайды. Міне заңдағы осындай солқылдақтықтар көптеген мәселелерге қолбайлау болып отыр. Мұны алдағы уақытта құзырлы органдар ескерсе дейміз. Әсіресе, қала көшелеріндегі маңдайша жазуларының жалпыға түсініксіз өзге тілде жазылуы жөнделсе деген өтініш-тілектер көп.

АЛДАУ – АДАМГЕРШІЛІК ЕМЕС

Жарнама нарығы Қазақстанға 1991-1992 жылдары енді. Бастапқыда баспасөз беттерінде жарнамалар беріліп, кейін телевизиялық нұсқасы етек алды. Ал 1995 жылдан бастап арнайы жарнама агенттіктері құрылып, өнімдер жаппай насихаттала бастады. Осы кезде маркетингтер, пиаршылар деген термин де пайда бола бастады. Адамға жарнаманың әсері өте зор болатынын алғаш теория жүзінде дәлелдеген француз философы Ролан Барт көрінеді.

«Жұмсақ жақпа май – дененіңізді жайландырады» десе, сіз сенуіңіз де мүмкін, сенбеуіңіз де мүмкін. Бірақ сол жақпа май дененіңізді жайландыра ма, жайландырмай ма оны сіз нақты зерттеп жатпайсыз. Алдыңыз, жақтыңыз болды. Ал енді «жылқы етінен дайындалған сапалы шұжық, бағасы нарық бағасынан арзан немесе жаңа ғана әкелінген зауза майы, бағасы үш мың теңге» деп жарнама беріліп, сіз сол дүкенге барып сатып алғанда дәл жарнамадағыдай болмай құны қымбат болып шықса, көңіл-күйіңіз түсіп, наразылық танытуыңыз әбден мүмкін. Алайда бұл әрекеттері үшін сізге ешкім де жауап бермейді. «Сіз желгенше ол тауар сатылып кетті. Жеңілдіктер мерзімі өтіп кетті» деп қарап тұрады.

оңтайлы мүмкіндіктері болып саналады. Бұқараға қызғылықты етіп, сәтті көрсетілген өнімдерге сұраныстың артауының тәжірибе дәлелдеп отыр. Сондықтан неғұрлым мол табыс табу үшін сыртқы жарнаманы көбірек пайдалану мен адамдардың психологиясына ойнау да сауданы жүргізудің бір амалдары болып табылады» дейді ол.

Сондықтан тұрғын үйлердің лифтілері мен әлеуметтік желілердегі, теледидардағы немесе үлкен гипермаркеттер мен супермаркеттердегі уәде етілген ағыл-тегіл акциялар мен жеңілдіктерге алдын ала хабарласып, тексеріп барып көз жеткізбесеңіз, ол саудадағы құйтырқылықтың бірі болуы әбден мүмкін.

АУРУЫМЫЗДЫ ЖАСЫРМАЙЫҚ...

Жарнама негізі сұранысқа байланысты өркендейді. Тапсырыс беруші тауарына қажетті аудиторияны көбіне өзі таңдайды. 2022 жылдың I жартыжылдығында бас қалада басымдықта сусындар мен дәрі-дәрмектің жарнамасы көптеп көрсетілген. Келтірілген тізімге қарасақ, олардың көбі шай, тұрмыстық заттар, жеке гигиенаға қажетті тауарлар мен шаш күтіміне қатысты болып келеді.

Теледидарда туристік агенттіктер, билет сату қызметтері, онлайн дүкендердің жарнамасы әр бағдарламаның басында, ортасында, соңында көрсетілетініне де көз әбден үйренді.

Қазір әлеуметтік желілерде таргет деген ұғым пайда болды. Тіпті кейінгі кезде блогерлер арқылы да жарнама жасау трендке айналды. Бұлардың барлығы осы негіздегі нарық мүмкіндіктерінің өсіп жатқанын байқатады. Мәселен, инстаграм желісіндегі бір жарнама 1 000 000 теңге тұратынына сенбеске амалыңыз жоқ. Компаниялар жаңа тауармен қатар оны ұсынуды да жаңа, тың жолдарын іздестіруде.

Дегенмен, біз осы жарнамалардың қазақ тіліндегі мәтіндеріне келгенде бетіміз қызаратыны рас. Орыс тілінде дайындалып мемлекеттік тілге аударылатын сөздер мен сөз тіркестері өзара байланыспай, қиыспай сіресіп тұрады. Осының барлығы жер-жердегі аударма саласына немқұрайлы қарағандықтан. Жасыратыны жоқ, көп жерде

Елордалық полиция қызметкерлері алаяқтық іс-әрекеттер жасады деген күдікпен Шымкент қаласының 36 жастағы тұрғынын ұстады. «Kolesa.kz» сайты арқылы автобөлшектерді сату сылтауымен ер адам аңқау азаматтардың 4 млн 500 мың теңге көлемінде ақшалай қаражатын иемденген.

АЛПЫС ҮШ АДАМДЫ АЛДАП СОҚТЫ



Тергеу барысында күдікті автобөлшектерді жеткізіп беруге уәде етіп, автобөлшектер сатамын деп сайтқа хабарландыру берген. Ол интернеттегі басқа адамдардың жарнамаларынан сатылатын тауарлардың фотосуретін тауып, оған нарықтық бағадан төмен баға қойып, арам ойын жүзеге асырғысы келген. Бұл жәбірленушілердің назарын аударған.

Келіссөздер барысында күдікті тауарлар салынған көліктің сатып алушы тұратын жаққа жөнелтуге дайын екендігіне сілтеме жасай отырып, әлеуетті сатып алушыларды алдын ала төлем жасауға асықтырған. Аңқау азаматтар оған ақша аударған, содан кейін ол бар жарнамаларды алып тастап, байланысқа шықпай қойған.

«Ер адам осындай 63 эпизод бойынша күдіктенуде. Барлық фактілер жинақталып, ҚР ҚК 190-бабының 2-бөлігі «алаяқтық» бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Қылмыстық іс сотқа жіберілді, күдікті 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін», – деді Криминалдық

полиция басқармасы бөлімінің бастығы Талғат Бөлегенов.

Ағымдағы жылдың басынан бері Нұр-Сұлтан қаласының аумағында 2295 интернет-алаяқтық тіркелді, олардың негізгі бөлігі Интернет желісінде тауарларды сатуға байланысты болып отыр. Көбіне адамдар тауарларын қолдарына алмай жатып, алдын ала ақшасын жібереді. Бұл дұрыс емес. Сондықтан алаяқтардың айла-амаддарына түспеу үшін интернет-сатып алушылар:

– елдің басқа өңірінде орналасқан автокөлікті немесе қосалқы бөлшектерді сатып алған кезде таныстарынан немесе туыстарынан оның бар-жоғы мен жай-күйіне көз жеткізуді сұраңыз;

– тауар үшін алдын-ала төлем жасамаңыз, әсіресе егер сіз мәміленің заңдылығына күмәндансаңыз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз.

– сатушыдан тауардың суретін алуға немесе бейне қоңырау шалуға тырысыңыз. Егер сатушы кез келген сылтаумен бұны істеуден бас тартса, бұл күмәнді екенін түсініңіз.

68 МАС ЖҮРГІЗУШІНІ АНЫҚТАДЫ

Елордада 19 шілдеден бастап жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру мақсатында «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасы өткізілуде. Жедел алдын алу іс-шарасы басталғаннан бері полициялар мас күйінде 68 жүргізушіні анықтады және үш күннің ішінде 31 мас жүргізуші ұсталды.

Сондай-ақ, таңғы сағат 05.30 шамасында полициялар Тұран даңғылының бойында 21 жастағы қыз тізгіндеген «Toyota Land Cruiser» маркалы автокөлігін тоқтатты. Құжаттарды тексеру кезінде полициялар жүргізушіден алкогольдің иісін байқаған. Көлік құралын басқарудан шеттете отырып, оған белгіленген тәртіппен медициналық куәландырудан өту ұсынылған. Қорытындыға сәйкес, жүргізуші көлікті жеңіл дәрежедегі мас күйінде басқарғаны белгілі болды.

Сонымен қатар, қыздың жүргізуші куәлігінсіз көлікті мас күйінде басқарғаны анықталды. Құқық бұзушыға қатысты ҚР ӘҚБК 608-бабының 6-бөлігі бойынша

әкімшілік іс қозғалды.

Көлік құралын мас күйінде жүргізгені үшін қалған жүргізушілерге қатысты ҚР ӘҚБТК-нің 608-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік іс қозғалды. Тәртіп бұзушылардың барлық көлік құралдары коммуналдық тұраққа орналастырылды.

Айта кету керек, осы құқық бұзушылық үшін баптың санкциясы он бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті автокөлік иелеріне жол ережесін сақтауды және алкогольдік немесе есірткілік масаң күйінде көлік жүргізбеуді ескертеді.



«Ал шындығында мұның барлығы халықты алдап, келтіру. Акция көбіне сапасы сәл төмендеу немесе сақталу мерзімі өте бастаған өнімдерге қойылады. «Мата даңғымен бөз өтеді» демекші, сол жарнама арқылы олар өнімдерін өткізіп қалуға тырысады» дейді таргетолог-маман Ерболат Жасұлан.

Таргетолог маманның айтуынша, қазір еліміздің ірі қалаларында жарнама бизнесіне үлкен мән беріледі екен. «Тауарларды немесе тұрмысқа қажетті өнімдерді сан қырынан әсерлі де, тартымды етіп жарнамалау үшін штатқа арнайы ойы ұшқыр қызметкерлер алынады. Неге десеңіз, кәсіпорын үшін жарнама – бизнесті дамытудың

мемлекеттік тіл маманы немесе аудармашылық қызметтерді қосымша кадр бөлімінің қызметкері атқарады екен. Олар негізінен мемлекеттік тілді меңгермеген, тәжірибесі аз жастар болып келеді. Сосын гугльге салып аударды да бере салады.

«Ауруын жасырған – өледі» дегендей, бұл – бүгінгі күннің тіл, соның ішінде жарнама тілі қай жерде де ақсап тұрғаны ақиқат. Міне, осы кемшілікті қалай түзеуге болады? Біздіңше, мемлекеттік тіл туралы заңды қайта қарап, бүгінгі бизнестің көкжиегін кеңейтіп отырған жарнама туралы заңды да жетілдіру әбден қажет. Бұған құзырлы органдар не дер екен?

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КІМГЕ БЕРІЛЕДІ?

**ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ӘЛ-АУҚАТЫ – КЕЗ КЕЛГЕН
МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ
БАСЫМДЫҒЫ. ЕЛІМІЗДЕ
ӘЛЕУМЕТТІҢ ЖАҒДАЙЫН
КӨТЕРЕТІН КӨМЕКТЕР КӨП.
МҰҚТАЖДЫҒЫНА
ҚАРАЙ ТҮРЛІ САЛАДА
ҚОЛДАУ БАР.**

Еліміздің демографиялық жағдайына елеулі үлес қосып отырған көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, тағдыр тауқымен тартқан қариялар, жалғызбасты аналар көмекке қашан да ээру. Айлығы шайлығына жетпейтіні, жоғары айлығы бар жұмыстың жоқтығы оларды алаңдататыны анық. Осы орайда биыл мемлекет тарапынан әлеуметтік осал топтағы жандарға бірқатар көмек қарастырылған.

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ КАРТАМЕН АЛАДЫ

Қолдан жасалған қымбатшылық заманында азық-түлік бағасы аспандап тұрғаны белгілі. Дүкен жағалаған ортанқол отбасылардың өзі дүрліксе, мұқтаж жандарға не дерсің?! Әсіресе өзімізде өндірілетін пияз, сәбіз, картоп, қарақұмық секілді күнделікті тұтынатын өнімдердің бағасы қаршытап тұр. Қанттың жыры өз алдына.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әлеуметтік көмек түрлері жыл сайын жетілдіріліп келеді. Осы тұста Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы елордада халықтың әлеуметтік осал топтарына азық-түлік арнайы карта арқылы өткізілетінін атады.

«Қазіргі кезде «Магnum» ЖШС-мен бірлесе «Сусын» картасы бойынша арзандатылған тауарды өткізудің қанатқақты жобасын пысықтап жатырмыз. Яғни оларда өздерінің қаргалары бар. Осы орайда халықтың әлеуметтік осал топтарының тізімін енгізбекпіз. Бұл тұрғыда 160 мыңға тарта адам бар», – деді Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ержан Балтаев.

Аталған карта арқылы азық-түлік өнімдерін осы санаттағы адамдар ғана алады. Ал табысы жеткілікті деңгейдегі адамдар өнімді нарық бағасымен сатып алады. Иә, Кеңес Одағы кезіндегі қарточка жүйесі бүгінде қайта жаңғырмақ.

КІМДЕР ТЕГІН ОҚИДЫ?

Жаңа оқу жылы қарсаңын-

да жетім балалар, балалар үйінің түлектері, бала күнінен мүгедек, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар арасында оқу ақысын төлеу түріндегі әлеуметтік көмек бөлінеді. Елорда әкімі Алтай Көлгіновтің айтуынша, әкімдік жаңа оқу жылында педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша жоғары білім алуға 1 300-ге жуық грант бөлуді жоспарлап отыр. «Әлеуметтік көмек бойынша жеке бағдарлама қарастырылған. Жағдайы төмен отбасылардан шыққан талапкерлердің қала университеттерінде білім алуы үшін оқу ақысын төлеу түрінде әлеуметтік көмек көрсетеміз. Бұл бағдарлама бойынша құжаттарды қабылдау 21 тамызға дейін жалғасады» дейді қала әкімі.

Білім алу еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жүргізіледі. Олар – биотехнология, есептеу техникасы және бағдарламалық жөне картография, сәулет, мектепке дейінгі білім беру, инженер, жалпы медицина, педагогика, IT саласы, жылу энергетикасы, азық-түлік өнімдерінің технологиясы, электр энергетикасы және өзгелері.

Алтай Көлгіновтің дерегінше, аталған әлеуметтік көмекті алу үшін қаланың Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына хабарласу керек. Сонымен қатар өтінішті Egov порталы арқылы электронды түрде беруге болады.

КӘСІП АШСАҢ, ҚОЛДАУ БАР

Өз кәсібін дөңгелеткендердің дені – жастар. Білектінің емес, білімдінің заманында түрлі жобалар жас кәсіпкерлердің бастамасына үлкен мүмкіндік береді. Сондай жастарға арналған бірегей бағдарлама – «Zhas Project» жобасы.

Осал топтағы жастар, қолында дипломы жоқ, жұмыссыз жүрген жастар, мүмкіндігі шектеулі және түл жетімдерді қолдауға бағытталған бірден-бір жобаға 18-29 жас аралығындағы жастар қатыса алады.

Жоба Үкіметтің биылғы жылға арналған бағдарламасы шеңберінде Алматы, Жетісу, Қарағанды, Ұлытау, Маңғыстау және Түркістан

облыстарында пилоттық режимде іске асырылуда. Аталған өңірлерде жастардың бастамаларын қолдауға 250-ден астам шағын грант бөлінді. Әрбір грант аясында нақты жобаны қаржыландыруға 1 миллион теңгеге дейін қаржы қарастырылып отыр.

Сондай-ақ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Үкімет отырысында Қазақстандағы мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған шаралар жөнінде айтты. Министрдің сөзінше, мүгедектігі бар адамдардың және осал топтардың басқа да санатына кіретін азаматтардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау үшін 10 мың грант қарастырылған. Грант мөлшері 1,2 миллион теңгеге дейін ұлғайды.

600 МЫҢҒА ЖУЫҒЫ КӨМЕК АЛДЫ

Биыл аз қамтылған азаматтарға және табыстары төмен деңгейдегі отбасыларға, оның ішінде көпбалалы отбасыларға берілетін ақшалай төлем, атаулы әлеуметтік көмекті биыл 600 мыңға жуық адам алды. Оған бюджеттен 83,8 млрд теңге қаржы бөлінді.

Қоғамның әлжуаз топ мүшелерінің жағдайын жақсартуда демеу болар жәрдемақы бар. 2022 жылы аталған көмектің түрі біршама көтерілді. Мәселен, көпбалалы ана 4 балаға 49 100 теңге, 5 балаға 61 382 теңге, 6 балаға 73 665 теңге, 7 балаға 85 948 теңге алады. 2021 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 9%-ға өскен.

Жалпы жыл басынан бері көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы төлемдерімен жалпы сомасы 170,1 млрд теңгеге 501,5 мың отбасы қамтылды.

Сонымен қатар қазақстандықтарға мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы түрінде 217 млрд теңгеден астам қаражат төленді. Оның ішінде 2022 жылдың маусым айында республикалық бюджеттен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге 30,7 млрд теңге, асыраушысынан айырылу жағдайына 10,5 млрд теңге бөлінді.

Индира БЕРЖАНОВА

«ҮЗДІКТІҢ» ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛАДЫ

Нұр-Сұлтанда NEET санатындағы жастарға көмек пен қолдау көрсетуге бағытталған «Үздік» жобасын іске асыру жалғасуда. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ресми сайты хабарлады.



Елордалық «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері сауда орындарында мемлекеттік бағдарлама мен гранттар туралы түсіндіру жұмыстарын жалғастырып жатыр. Жоба жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен 27 маусымда басталды.

Аталмыш жоба жастарды әлеуметтендіруге, жұмысқа орналастыруға, бизнес жобалар мен бизнесті оқытуды іске асыруға бағытталған. Сондай-ақ мемлекеттік гранттар бөлуді көздейді.

Жоба аясында еріктілер тобы техникалық қызмет көрсету

және әлеуметтік қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін жастар арасында, NEET санатындағы жастар арасында байқау ұйымдастырады. «Үздік шиномонтажшы-2022», «Жыл күзетшісі-2022», «Жыл даяшысы-2022», «Жыл сантехнигі-2022» және өзге де бағыт бойынша үздіктер анықталады. Бұл байқаудың мақсаты – 15 бағыт бойынша жұмысшы мамандықтарының имиджін жақсарту және көпшілікке насихаттау. Байқауға іріктеу екі аптада бір рет әр бағыт бойынша басталады.

Сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына дейін «Үздік» жобасы аясында шет тілдерін оқыту, жылдам оқу, қаржылық және компьютерлік сауаттылық бойынша семинар-тренингтер, бизнес-тренингтер, заңгерлік және психологиялық консультациялар өткізу жоспарланған.

Индира БЕРЖАНОВА

АТҚАРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР АУҚЫМЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаменті өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Департаменттің мемлекеттік тіркеу саласында заңнамамен айқындалған бірнеше функциялары бар. Соның бір тармағы – мемлекеттік қызметтерді көрсету. Үстіміздегі жылдың 1-жартыжылдығында 8 012 мемлекеттік қызмет көрсеткішімен салыстырғанда 3,2 пайызға көп.

Бұл ретте Департаменттің негізгі қызметіне кіретін заңды тұлғаларды тіркеу, азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша, 7 029 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Қазақстан Республикасындағы нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, оның тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт. Нотариаттық және адвокаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау бойынша 104 қызмет көрсетіліп, оның барлығы электрондық нысанда көрсетілді. Осы мерзімде жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына аттестаттау бойынша 13 қызмет электрондық нысанда өтті.

Департаменттің атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету туралы айта кетсек, мемлекеттік сот орындаушылары саласы бойынша орындауда тұрған атқару құжаттары – 2 331 болса, оның ішінде сомасы 1177,6 млрд.тг. жалақы өндіру жөнінде Департаментте орындауда тұрғанының сомасы 140,8млн.тг. 18 құжаттың 10-ны қаралып, 3,8 млн. тг өндірілді. Үйден шығару және құрылысты бұзу туралы жағдаят бойынша 45 құжат рәсімделіп, оның 17-сі аяқталды.

2022 жылдың 1-жартыжылдығында сот орындаушылары 154 борышкерге борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы әкімшілік хаттама толтырды, оның ішінде 124 іс бойынша адамдар жауапкершілікке тартылды, 19 адамға қатысты материалдар қаралуда, 11 материал тоқтатылды. Мемлекеттік сот орындаушы-

ларының орындауындағы атқару құжаттары бойынша 20 әкімшілік іс қозғалды, 18 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 2 әкімшілік іс қысқартылды.

10 пайыздық атқарушылық санкция өндіру туралы айта кетсек, 2022 жылдың 1-жартыжылдығында 238 325 154 тг мөлшерінде 10 пайыздық атқарушылық санкция өндірілді.

Нұр-Сұлтан қаласының атқару округінде 253 жеке сот орындаушысы өз қызметтерін жүзеге асыруда. Олардың орындауында 535 783 атқарушылық іс жүргізу болды, сомасы 1,5 трлн. тг. Олардың ішінде: аяқталғандары – 170 162 сомасы 125,7млрд. тг., нақты орындалғандары – 101 473, сомасы 16,2 млрд.тг, қалдық – 365 621, сомасы 1,4 трлн.тг.

Алимент төлемдерін өндіру бойынша ЖСО-ның орындауындағы 17 924 атқарушылық іс жүргізу құжатының аяқталғандары – 1 284, оның ішінде: қайтарылғандары – 965, нақты орындалғандары – 63, тоқтатылғандары – 256, қалдық – 16 640 іс жүргізу, оның ішінде мерзімі бойынша орындауда тұрғандары – 9 566, уақытша тоқтатылғандары – 858. ЖСО өңірлік палатасының ақпаратына сәйкес, ерікті түрде төлеушілердің саны – 1 066, алимент бойынша өтелмеген берешек – 3184. 76 борышкерге қатысты әкімшілік құқықбұзушылық жөнінде хаттама толтырылып, олардың ішінде 69 борышкер алимент бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Борышкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту бойынша: Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 139-бабы (Балаларды күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз жұбайын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалғану) бойынша 71 адам қылмыстық жауаптылыққа тартылды, олардың ішінде 18 адамға қатысты іс сотқа дейін жетті. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Заңды тұлғаларды

тіркеу бойынша 2022 жылдың 1-жартыжылдығында 581 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде мерзімдердің бұзылуы анықталмады. 296 заңды тұлғаны тіркеуден бас тартылды.

Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінің негізгі қызметінің бір саласы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы халықтың құқықтық мәдениетін дамыту процесін қамтиды. Бұл өз кезегінде дамыған азаматтық қоғам құруға ықпал етеді. Қоғамдық санада құқыққа деген көзқарас әлеуметтік әділеттілік, гуманизм, жеке бас бостандығы негізінде тұрақты әлеуметтік құндылық ретінде қалыптасуы керек.

Халыққа заңгерлік көмек көрсетуді нотариаттық және адвокаттық деп екіге бөлуге болады. Елордада 739 нотариус бар. Есепті кезеңде нотариустардың іс-әрекеттері туралы 225 өтініш түсті. Қараудың нәтижелері бойынша Нұр-Сұлтан қаласы нотариаттық палатасына 22 ұсыну жіберілді, 14 нотариус тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Адвокаттық қызмет бойынша: 2022 жылдың 1-жартыжылдығында адвокаттардың жалпы саны 650 адамды құрады, 40 адвокаттың артық екені байқалуда. 1 аумақтық адвокаттар алқасы, 5 заң консультациясы, 11 адвокаттық кеңес істейді. Адвокаттардың іс-әрекетіне 81 өтініш келіп түсті, 3 тәртіптік сипаттағы шаралар қабылданды.

Кепілдік берілген заң көмегі бойынша Департамент кепілді заң көмегін көрсету туралы 178 адвокатпен келісім жасады. 2022 жылға арналған қаржыландыру жоспары бойынша тегін заң көмегін көрсету үшін республикалық бюджеттен 154 105 000 тг бөлінді. 2 520 азаматқа заңда көзделген жағдайларда тегін заң көмегі көрсетілді.

Арман АҚЫЛБАЙ,
Нұр-Сұлтан қаласы
Әділет департаментінің
басшысы

№93 (4371) 09/08/2022 Сейсенбі

Ұлттық академиялық кітапханада Балалар жылының аясында балау са қалам иесі Разия Ақпардың «Ертегі әлеміндегі ханшайым» атты шығармашылық кездесуі кеші өтті. Іс-шарада жас қаламгердің бала қиялынан туындаған түрлі әңгімелер мен оқиғалары баяндалатын шығармашылығы насихатталды.



ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІ ХАНШАЙЫМ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Өткен жылы Разияның осы кездесуге атау берген алғашқы кітабы жарық көрді. Былтыр балаларға арналған «Ер төстік» әдеби байқауына қатысып, осы

байқаудың ең жас қаламгері, жүлдегері атанды. «Алаш» атты өнер байқауында да жүлде алды. Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалімен де марапатталған. Ол ертегілер оқиғаларын шынайы өмірден алады. Негізінен табиғат көріністерін

шығармаларына арқау етеді. Кездесуде оның шығармалары бойынша көрініс қойылып, өз қолымен жасалған қолөнер бұйымдары көрсетілді. Разияның сүйікті ақын-жазушылары – Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Мұқағали Мақатаев, Бердібек Соқпақбаев.

«АЗИЯ ЖАҢҒЫРЫҒЫ» ШАҚЫРАДЫ

Ертең елордада «Азия жаңғырығы» атты халықаралық цирк фестивалі ашылады. Он үшінші мәрте бас қаламызда өтетін цирк мерекесі 28 тамызға дейін жалғасады.

Оған еліміздегі Қазақ мемлекеттік цирк және «Шымкент цирк-театр» бастап әлемдегі цирктердің жетекші әртістері қатысады.

Атап айтқанда, Беларусь Республикасынан әуе гимнастары Глеб Казленко мен Наталия Нарышкина, акробат Павел Синельников келеді. Молдоводан көркем гимнастикадан спорт шебері Анастасия Сарычева және акробатикадан спорт шебері Валерий Круглов қатысады.

Олардың көрсететін трюктері өте күрделі. Бұл трюктерді әлемде шамалы әртіс жасайды.

Бұған қоса, фестивалде Ресей, Венгрия, Моңғолия, Вьетнам, Өзбекстан, т.б. елдердің үздік цирк әртістері өнер көрсетеді. Билеттер бағасы 1 мың теңгеден басталып, 6 мың теңгеге дейін жетеді. 4 жасқа дейінгі балаларға кіру – тегін.

Баян АСЫЛБЕКОВА



ТАТАМИ ШЕБЕРЛЕРІ ТАМСАНДЫРДЫ

Елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында өткен Азия чемпионаты мәресіне жетті.



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Сары құрлықтың 19 елінен 200 дзюдошы бақ сынаған байрақты бәсекеде Жапония құрамасы жалпы командалық есепте үздік шықты. Жапон қыздары мен жігіттері 9 алтын, 3 күміс медаль иеленіп, нағыз татами шеберлері екенін көрсетті. Екі алтын мен 5 қола жүлдеге қол созған Моңғолия балуандары екінші орынға табын тіресе, 1 алтын, 2 күміс және 6 қола медаль алған Өзбекстан құрамасы үздік үштікті түйіндеді. Ал 1 алтын, екі күміс және 5 қола медаль еншілеген Қазақстан дзюдошылары төртінші орыннан көрінді.

Бұл байрақты жарыста еліміздің намысын 18 балуан қорғаған еді. Соның сегізі жүлдегерлік. Бір қарағанда жаман көрсеткіш емес сияқты. Дегенмен, жалғыз алтын медаль немесе бір қоланың жетпегені командалық есепте жүлдегерлер қатарынан көрінуімізге аздақ етті.

Ал, енді Азия чемпионатында жүлдегерлер қатарынан көрінген дзюдошыларымызды атап өтсек, 73 келі салмақта сынға түскен Данияр Шамшаев төрт белдесуінде де қарсыластарын уақытынан бұрын жеңіп, Азия чемпионы атағын жеңіп алды. Құрамадағы ең тәжірибелі балуанымыз Ислам Бозбаев 100 келіге дейінгі салмақта финалға дейін жақсы жетіп еді, алайда шешуші белдесуінде

жолы болмады. Ол Біріккен Араб Әмірліктері елінің намысын қорғаған ингушетиялық Джафар Костоевтан айласын асыра алмай, күміс жүлдені қанағат тұтты. Сондай-ақ, қыздар арасындағы 48 келі салмақта бәсекеге түскен Әбiba Абужақынова финалда сүрініп, екінші рет қатарынан Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Қола жүлдеге қол жеткізген балуандарымыз: Мағжан Шамшадин (60 келі), Ғұсман Қырғызбаев (66 келі), Дидар Хамза (90 келі), Нұрлыхан Шархан (100 келі) және Аруна Жангелдина (78 келі).

Чемпионаттың соңғы күні өткен командалық жарыста Жапония құрамасы топ жарды. Екінші орынға Моңғолия балуандары еншілесе, ал үшінші орын үшін болған шешуші бәсекеде Қазақстан командасы Өзбекстан құрамасынан басым түсті.

Жарыстың қорытындысында Азия дзюдо одағының президенті Обайд Әль Анзи құрлық біріншілігін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, Қазақстан дзюдо федерациясына және Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ризашылығын білдірді.

Сонымен төрт күн бойы Азиядағы ең үздік татами шеберлерінің керемет күресін тікелей көрген жанкүйерлер де, теледидардан тамашалаған көрермен де риза болғаны сөзсіз.

ПЛЕЙ-ОФФ КЕЗЕҢІНЕ ӨТТІ

Өткен демалыс күндері футболдан Қазақстан кубогының бесінші туры аяқталды.

Елорданың «Астана» клубы бірінші лиганың «Жетісу» командасын қабылдап, ұпай бөлісті. Бұл ойында талдықорғандықтар есепті ашқан болатын, алайда «Астаналық» Жерми Манзорро араға төрт минут салып таразы басын теңестірді. Осылайша бірінші тайм 1:1 есебімен аяқталған. Ал, екінші таймда қос қарсылас бір-біріне есе жібермей

ыншы минуттан кейін шешілді. Атап айтқанда, сол Манзорро 91-інші минутта пенальти соғып, елодалықтарды алға шығарған еді. Жанкүйер қауым осымен ойын бітті ғой деп орындарынан қозғала да бастаған. Алайда, 95-інші минутта «Жетісу» шабуылшысы Нұрберген Нұрбол тамаша гол соғып, есепті теңестіріп кетті. «Ақтөбе» – «Мақтаарал» (Түркістан облысы) 1:0, «Ордабасы»



(Шымкент) – «Қайрат» (Алматы) 1:3, «Тұран» (Түркістан) – «Шахтер» (Қарағанды) 0:2.

Бесінші турдың нәтижесінде өзiрге «Қайрат», «Тараз», «Мақтаарал», «Шахтер» және «Астана» командалары плей-офф кезеңіне шықты. Плей-офф кезеңіне шығатын келесі үш команда осы аптада өтетін соңғы алтыншы турдың нәтижесінде белгілі болады.

ЖАЗҒЫ ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫ

Елордада шаңғы роллерден Нұр-Сұлтан қаласының ашық чемпионаты өтті.



Жарыс ашық болғандықтан астаналық спортшылардан басқа Ақмола мен Павлодар облысының шаңғышылары да қатысты. Шаңғы роллер шаңғы жарысының жазғы түрі саналады.

Қалалық орталық парктің шаңғы жолында өткен жарыста 100-ден аса спортшы өзара мықтыны анықтады. Бірінші жүгіруден бәсеке ұйымдастырылса, екінші күні шаңғы роллермен жарыс өтті.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы тағайындаған диплом, медаль және сыйлықтармен марапатталды.

Жасөспірімдер және ересектер арасында өткен Нұр-Сұлтан қаласының чемпионатында жүлдегер болғандар екі аптадан кейін Павлодар қаласында өтетін Қазақстан чемпионатында бақтарын сынайтын болады.

ТАМИЗ	РЕПЕРТУАР	АВГУСТ	
3 сәуір	12:00 «ДЮЙМОВОЧКА»	18 сәуір	12:00 «СТАРИК ПЕРЕКАТИ-ПОЛЕ»
4 сәуір	12:00 «ТЕРЕМОК»	19 сәуір	12:00 «ТРИ ПОРОСЕНКА»
5 сәуір	12:00 «ВОЛК И СЕМЕРО КОЗЛЯТ»	14:00 «ҮШ ТОРАЙ»	16:00 «ТЕРЕМОК»
6 сәуір	14:00 «ҚАСҚЫР МЕН ЖЕПІ ЛАК»	12:00 «ВОЛШЕБНАЯ ДАМПА АЛАДИНА»	14:00 «АЛАДИНИН СЫҚЫРЛЫ ШАМЫ»
7 сәуір	16:00 «КАК ЛЕЧИТЬ ЛЬВИНЫЙ СТРАХ?»	16:00 «ТЕРЕМОК»	12:00 «КОЗА ДЕРЕЗА»
10 сәуір	12:00 «КРАСНАЯ ШАПОЧКА»	14:00 «СТАНАҚ ЕШКІ»	16:00 «КАК ЛЕЧИТЬ ЛЬВИНЫЙ СТРАХ?»
11 сәуір	14:00 «ҚЫЗЫЛ ТЕЛЕКЕ»	12:00 «ДЮЙМОВОЧКА»	12:00 «БЕСЕЛМЕ МЕДВЕЖАТА»
12 сәуір	16:00 «ДЮЙМОВОЧКА»	14:00 «КАК ЛЕЧИТЬ ЛЬВИНЫЙ СТРАХ?»	14:00 «КРАСНАЯ ШАПОЧКА»
13 сәуір	12:00 «КУКЛЫ ШОУ»	16:00 «ВОЛК И СЕМЕРО КОЗЛЯТ»	12:00 «ТРИ ПОРОСЕНКА»
14 сәуір	14:00 «ҚЫРШАҚ ДУМАН»	12:00 «ТРИ ПОРОСЕНКА»	14:00 «ҮЙШІК»
17 сәуір	16:00 «ВОЛК И СЕМЕРО КОЗЛЯТ»	16:00 «ТРИ ПОРОСЕНКА»	12:00 «РУССКИЕ НАРОДНЫЕ СКАЗКИ»
			14:00 «ҚАҢБАҚ ШАЛ»
			16:00 «РУССКИЕ НАРОДНЫЕ СКАЗКИ»
			12:00 «БЕСЕЛМЕ МЕДВЕЖАТА»
			14:00 «КЕНІШ ДИПЛОМАТ»
			16:00 «ДЮЙМОВОЧКА»
			12:00 «ЗОЛОТОЙ ЧЕЛОВЕК»
			14:00 «АЛТЫН АДАМ»
			12:00 «ТЕРЕМОК»